

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы іске асыратын қызметтерге бағаларды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2025 жылғы 11 маусымдағы № 296/НҚ бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 8 қаңтардағы № 5/НҚ бұйрығы

1. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің "Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы іске асыратын қызметтерге бағаларды белгілеу туралы" 2025 жылғы 11 маусымдағы № 296/НҚ бұйрығына келесі өзгеріс енгізуді БҰЙЫРАМЫН:

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы іске асыратын қызметтердің бағалары осы бұйрықпен бекітілсін және осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Ведомстволық бағынысты ұйымдарды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі

Ж. Мәдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2025 жылғы 11 маусымдағы
№ 296/НҚ бұйрығымен
бекітілген

"Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамы іске асыратын қызметтердің бағалары

Р/с №	Көрсетілетін қызметтің атауы	Өлшем бірлігі	Бірлік құны/Айлық құны теңге, ҚҚС-ты есепке алмағанда
1.	"Әлеуметтік әмиян" ақпараттық жүйесін сүйемелдеу бойынша ақпараттық-коммуникациялық платформаны ұсыну жөніндегі қызметтер:		
1.1	1 (бір) рецепт беру сервисінің қызметтеріне арналған шығыстар	Бірлік	21.60 (бірлік үшін)
1.2	1 (бір) оқушының ыстық тамақ сервисі қызметтеріне арналған шығыстар	Бірлік	153.14 (бірлік үшін)
2.	Ұлттық жасанды интеллект платформасының жұмыс істеуін, ұлттық жасанды интеллект платформасын сүйемелдеуді және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету қызметі	Платформа	117 979 930 (айына)
3.	"Бұлтты құжат айналымы" ақпараттық-коммуникациялық қызметтерін көрсету жөніндегі қызметтер:		
3.1	Бір қолданушыға арналған құны	Бірлік	2 637 (айына)